

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Түркіменстанның Мемлекеттік шекара қызметі арасындағы жедел іздестіру қызметі саласындағы ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 шілдедегі N 736 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Түркіменстанның Мемлекеттік шекара қызметі арасындағы жедел іздестіру қызметі саласындағы ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Түркіменстанның Мемлекеттік шекара қызметі арасындағы жедел іздестіру қызметі саласындағы ынтымақтастық туралы

Хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Түркіменстанның Мемлекеттік шекара қызметі,

Қазақстан Республикасы мен Түркіменстан арасындағы мемлекеттік шекара күзетіндегі ынтымақтастық туралы 2001 жылғы 5 шілдедегі келісімді басшылыққа ала
о т ы р ы п ,

қазақстан-түркіменстан мемлекеттік шекарасында қауіпсіздікті қамтамасыз етуде
ө з а р а м ү д д е л і л і к т е н ш ы ғ а о т ы р ы п ,
мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар қазақстан-түркіменстан мемлекеттік шекарасын күзетуді (бақылауды) қамтамасыз ету мақсатында жедел іздестіру қызметі саласында, сондай-ақ жедел, жедел-техникалық және Тараптар мемлекеттерінің қауіпсіздігі мүддесіне төнген қауіптерді анықтау мен күресу үшін өзге де мүмкіндіктерді неғұрлым тиімді пайдалану мүдделеріне ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Тараптардың жедел іздестіру қызметі саласындағы өзара іс-қимылы осы Хаттамада белгіленген негіздерде және тәртіпте жүзеге асырылады.

2-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес жедел қызмет саласында ынтымақтастықты жүзеге асырады, ол өзіне мыналарды:

қазақстан-түркіменстан мемлекеттік шекарасындағы және ол арқылы өткізу пункттерінде, соның ішінде Каспий теңізінде де жедел жағдайды бірлесіп талдауды;

қазақстан-түркіменстан мемлекеттік шекарасындағы және ол арқылы өткізу пункттерінде құқыққа қайшы іс-әрекеттерге қарсы күресу саласына қатысты ақпарат а л м а с у д ы ;

қазақстан-түркіменстан мемлекеттік шекарасынан заңсыз өткені, өткізу пункттерінде режимді бұзғаны үшін ұсталған адамдарды тексеру жөнінде жәрдем к ө р с е т у д і ;

жедел қызметті жетілдіру, қазақстан-түркіменстан мемлекеттік шекарасында құқықтық тәртіпті нығайту мүддесіне ұсыныстар әзірлеу және оларды бірлесіп іске а с ы р у ;

терроризмге, заңсыз көші-қонға және қазақстан-түркіменстан мемлекеттік шекарасы арқылы қару-жарақтың, оқ дәрілердің, есірткі, улы, радиоактивті және жарылғыш заттардың заңсыз өткізілуіне қарсы күрес жөніндегі келісілген іс-шараларды өткізуді қамтиды.

3-бап

Осы Хаттаманың ережелерін іске асыруға байланысты шығыстарды, өз мемлекетінің аумағы шегінде әрбір Тарап өздігінше көтереді.

4-бап

Тараптардың әрқайсысы басқа Тараппен берілген ақпараттардың құпиялылығын, егер бұл ақпарат құпия сипатта болса немесе беруші Тарап оның мазмұнын жария етуге тиіс емес деп есептесе қамтамасыз етеді. Ақпараттың құпиялық дәрежесін беруші Т а р а п а н ы қ т а й д ы .

Осы Хаттаманың шеңберінде бір Тараптан алынған ақпараттарды үшінші Тарапқа беру осы ақпаратты берген Тараптың жазбаша келісімімен жүзеге асырылады.

5-бап

Тараптар тиісті бөлімшелер басшыларының деңгейінде жедел жағдайдың деректерімен, нақты бірлескен іс-шараларды дайындау үшін, сондай-ақ өзара мүдделікті білдіретін басқа да мәселелер бойынша тұрақты түрде консультациялар жүргізеді.

6-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Хаттамаға жеке хаттамаларды ресімдеу жолымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, ол осы Хаттаманың ажырамас б ө л і г і б о л ы п т а б ы л а д ы .

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы барлық даулар мен қайшылықтар өзара консультациялар мен келіссөздер жолымен шешілетін болады.

7-бап

Осы Хаттама оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Қазақстан Республикасы мен Түркіменстан арасындағы мемлекеттік шекараны күзетіндегі ынтымақтастық туралы 2001 жылғы 5 шілдедегі келісіммен бір уақытта өзінің күшін жояды.

200__ жылғы " __ " _____ қаласында, екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, түркімен және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру кезінде қайшылықтар туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік
комитеті үшін*

*Түркіменстанның
Мемлекеттік шекара
қызметі үшін*